

« Баспа тілі» пәні бойынша Midterm бағдарламасы

1.Жалпы мәлімет:

Өткізілетін уақыты: 8 апта

Баға: максимум -100

Тақырыптары:

1. Иран журналистикасының қалыптасуы мен даму тарихын сипаттаңыз
2. XX ғасырдың бірінші жартысында ирандық мерзімді баспасөздердің даму ерекшелігі қандай екенін анықтаңыз
3. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Иран журналистикасының дамуын сипаттаңыз
4. XIX ғасырда Иранның мерзімді басылымдарын талдаңыз
5. Иранның заманауи БАҚ маңыздылығын анықтаңыз
6. Ислам революциясының жеңісінен кейін ирандық журналистиканың жағдайын талдаңыз.
7. Парсы тіліндегі алғашқы газеттің пайда болуын анықтаңыз
8. Ирандағы армян басылымдарын талдаңыз
9. Иранның электронды БАҚ айрықша ерекшеліктерін сипаттаңыз
10. Иран Ислам Республикасының қоғамдық-саяси өміріндегі телеарнаның рөлін анықтаңыз
11. Иранның «Құран» ақпараттық агенттігінің құрылу мен қалыптасу тарихын сипаттаңыз.
12. XX ғасырдың басындағы саяси оқиғаларды және олардың мерзімді баспалардың дамуына ықпалын талдау
13. ИСНО студенттік ақпараттық агенттігі туралы мәліметті сипаттаңыз.
14. Күрділердің алғашқы саяси газетінің пайда болуын сипаттаңыз.
15. Иранның жалпы ұлттық телеарналарының мазмұнды сипаттамасын талдау
16. Иран ақпараттық нарығындағы ИРНА рөлі мен орнын анықтаңыз.
17. Иранның ақпараттық агенттіктеріне талдау жасау және олардың сипаттамасын беріңіз
18. Ирандағы журналистиканың рөлін анықтаңыз
19. Иранның мәдени құндылықтарын сипаттаңыз
20. Ирандағы тіл мен діннің рөлін сипаттаңыз

2. Тапсырмалар: Берілген тақырыптар бойынша дайындалу

3.Әдістемелік нұсқаулық:

Midterm емтиханының мақсаты келесі курстық құзыреттерді игеруді қамтиды
Кәсіби

Тұлғаралық құзыреттілік

. Өзге тілдік ортада оқуды жалғастыра алу және кәсіптік қызметін жүргізу мүмкіндігі.

. Көптілді және түрлі мәдени әлеуметтік ортада тіл табысу мақсатында академиялық білімін қолдана алу қабілеті. Басқа елдердің мәдениеті мен дәстүрін түсіну. Өзгепән саласы мамандарымен әріптестік байланысты орната алу мүмкіндігі; Жетістікке ұмтылу.

Лингвистикалық құзыреттілік

1. Тілді функционалды қолданудың негізгі түрлеріне қатысу іскерлігі, ақпарат, ой, пікір алмасуда; тиімді қарым-қатынастың болуын қамтамасыз ететін көп таралған сөйлемдер мен стандартты орындалу тәртібін игеру;

2. Фонологиялық, лексикалық, грамматикалық білім және шеберлік немесе грамматикалық формалар және синтаксистік құрылымдарды дұрыс құрастыру қабілеті, сонымен бірге оқытылатын шет тілінің бар нормаларына сәйкес ұйымдастырылған, сөзде мағыналы үзінділерді түсіну және оларды тіл иеленуші қолданатындай мағынада қолдану.

3. Қарым-қатынас барысында негізгі сөйлеу түрлерін: баяндау, суреттеу, пайымдау, монолог, диалог, полилогты қолдана білуге; мәтіннің мазмұн деңгейіне мән бере отырып аутенттік аудиомәтіндерді түсіне білу;

Социолингвистік құзіреттілік

1. Қатысымның жағдаяты мен мақсатына, қатысушылардың әлеуметтік роліне, яғни, қатысым серіктесіне байланысты адекватты тілдік формаларды және құралдарды таңдау және қолдана білу .

2. Шетел тілінде өзін таныстыра білу, хат, сауалнама, өтініш жазу, сұрақ қою, шетел тілінде сұқбат жүргізу; өз ойын білдіру үшін қазақ, орыс және шетел тілінде лексикалық және грамматикалық ережелерді қолдана білу.

3. Іс-әрекеттің арнайы түрі ретінде қарым-қатынастың ерекшеліктерін білу: «мәдениетаралық қарым-қатынас» түсінігінің мәні мен оның түрлерін білу.

4. Оқу, ғылым, кәсіптік және әлеуметтік-ғылыми шеңберде қолдану үшін шетел тілін ауызша және жазбаша түрде меңгеру; шетел тілін тұлғааралық қатысым және мәдениетаралық қарым-қатынас үшін қолдана білу.

Лингвистикалық құзіреттілік

1. Шет тілінің жүйесі мен құрылысын, бірлік қызметінің ерекшелігін білу, әлеуметтік маңызды жағдайларда коммуникативті мақсатқа жету үшін оларды қолдана білу; оқып жатқан тілде сөйлеу әрекеті түрлерін әбден жетілдіру іскерлігі: жазу, сөйлеу, тыңдау және оқу;

2. Оқылатын шетел тілінде диалогты және монологты сөйлеуді продуктивтілеу және репродуктивтілеуді білу; тілдік мәдениеттің жеткілікті деңгейінде ауызша және жазбаша сөйлеу адекватты стильді тандай білу.

Тақырыпқа қатысты лексикалық бірлікті дамыту дағдысы;

Негізгі терминдер мен ұғымдардан тұратын пәрменді сөздіктердің дамуы; грамматикалық жолмен жасалынған дағдыларды жетілдіру;

Прагматикалық құзыреттілік

– кәсіби мазмұндағы мәтіндер негізіндегі сұқпаттық және монологтік айтылымдарды қалыптастыру шеберлігі,

жазылым дағдыларын жетілдіру,

коммуникативтік стратегияны өңдеу шеберлігі (белгілі бір сөйлесім жағдайына бейімделу);

Когнитивтік құзыреттілік

мәселелік тапсырмалар, ойын тапсырмалары, мәтіндер бойынша: мәтінді біріздендіру дағдысы (мазмұнның мәнін анықтау, сыни қабылдау, негізгі және қосымша ақпараттарды айыра білу);

мәтіннің мазмұнын ұғыну (сәйкестендіру, түсіндіру, жинақтау) дағдысы; мәтіннің мазмұнын өзгерту (толықтыру, қайта құру, қажетті мазмұнды таңдау);

Ақпараттық құзыреттілік

тілдік тұлғаның білім алу шеңберіндегі, сондай-ақ қоршаған әлем туралы ақпаратты қолдана білу дағдылары.

Түрлі нысандар (теледидар, ұнтаспа, телефон, компьютер) және ақпараттық технологиялар (бейне, электрондық почта, әлеуметтік желілер, Интернет т.б.) көмегімен ізденімпаздық біліктері қалыптасып, ақпаратты талдау, саралау, сараптау, сақтау және оны тарата білуге үйренеді.

- арнайы құзыреттілік — өзінің кәсіби қызметін жеткілікті дәрежеде меңгеру, өзінің кәсіби дамуын жобалай білу;
- практикалық (арнайы) құзыреттілік — кәсіби еңбегінде қолданылатын терминдерді білуі,
- білімінің жоғары деңгейде болуы мен маманның кәсіби өсуіне қатысты мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және шығармашылық іс-әрекетінің нәтижесі;
- әлеуметтік құзыреттілік — өзіне жауапкершілікті ала білу мен шешімді қабылдау қабілеті, топтасып бірлесе шешім қабылдауға қатысу, зорлық-зомбылықсыз жолымен дауды реттеп отыру, басқа да мәдениет пен дін өкілдерімен тиімді өзара әрекеттесу;
- ақпараттық құзыреттілік — жаңа ақпараттық технологияларды меңгеруін қарастырады;

- коммуникативтік құзыреттілік — бұл шет тілдерді білуін жобалау, сөйлеу мәдениетінің жоғары деңгейде болуы;

жеке тұлға құзыреттілігі — өзін көрсете білу мен дамытудың амалдарын, құралдарын игеру және кәсіби еңбектегі даралық;

- дара құзыреттілік — өзінің қабілетін жүзеге асыру, кәсіп аясында өз даралығын дамыту қабілеттігі, кәсіби тұрғыдан өсуге деген дайындық, өзінің даралығын сақтау қабілеті, еңбегін ұтымды ұйымдастыруға икемділігі, еңбекті қиындықсыз, шаршаусыз, тіпті сергіту арқылы нәтижеге жеткізу

Бағалау және аттестаттау саясаты

Критериалды бағалау: дескрипторларға қатысты барлық оқыту нәтижелерін бағалау (аралық бақылауда және емтихандарда құзіреттіліктің қалыптасуын тексеру).

Үй тапсырмасы - 40%

СӨЖ - 20%

Емтихан - 40%

Суммативті бағалау: дәрісханадағы белсенді жұмысы мен қатысуын бағалау; орындаған тапсырмаларын бағалау, СӨЖ (жоба / кейс / бағдарламалар / ...)

Қорытынды бағалауды есептеу формуласы.

Студенттің қорытынды бағасы мына формула бойынша есептеледі:

$$\text{Пән бойынша қорытынды баға} = \frac{AB1 + AB2}{2} \cdot 0,6 + 0,1MT + 0,3ҚБ$$

Төменде пайызға шаққандағы минимальды баға берілген:

95% - 100%: A	90% - 94%: A-	
85% - 89%: B+	80% - 84%: B	75% - 79%: B-
70% - 74%: C+	65% - 69%: C	60% - 64%: C-
55% - 59%: D+	50% - 54%: D-	0% -49%: F